



010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2023 жылғы 13 қыркүйекте жарияланды

Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрінің  
орынбасары  
Т.Б. Дүйсеновага

**Депутаттық сауал**

**Құрметті Тамара Босымбекқызы!**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы Жолдауда: «Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы ең түйінді сөз – «сапа». Сондықтан білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру аудай қажет. Бәріне бірдей білім беру үшін интернет жылдамдығы жоғары және білім берудің цифрлы ресурстары тегін әрі қолжетімді болуы шарт. Білім беру жүйесі еңбек нарығының сұранысына қарай өзгеріп отыруы керек», – деп, білім экономикасындағы жаңа міндеттерді айқындалды.

«Аманат» партиясының сайлауды бағдарламасының жүзеге асыру аясында 2023-2027 жылдары барлық өнірлерде Абай атындағы гуманитарлық мектептер, О. Жәутіков атындағы IT мектептер, К. Сәтбаев атындағы техникалық мектептер желісін ашу жоспарлануда. Аталған желілік мектептер аясында оқушылардың бойында лингвистикалық-гуманитарлық білімді, инженерлік-техникалық құзыреттіліктерді, STEAM оқытуды, еңбек нарығының сұраныстарына сай кәсіби бағдарды дамыту өзекті.

Аталған мектептердің қаржыландырылуын республикалық бюджеттен қарастырылған абзal деп ойлаймыз.

І. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы осы желілік мектептер үшін білім беру бағдарламаларын, типтік оқу бағдарламасын, оқу жүктемесін жан-жақты зерделеуі қажет. Себебі, аталған желілік мектептердің тәжірибесі өскелен үрпақтың заманауи сапалы білім алудың қатар, бүгінгі еңбек нарығы күрделі уақытта бәсекелестікте өмір сүре алатын тұлға тәрбиелеуі шарт.

Ол үшін ақпарат тасқынында керегін іздең табуға үйрету арқылы оқушылардың жеке білім траекторияларын қалыптастырып, өмір бойы білім алу дағдысын сініріп, болашақта табысты маман ретінде ел экономикасын дамытуға үлес қосуын да ойластырган жөн.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін тереңдетіп, кең ауқымда оқытудың жаңа мазмұндық білім беру бағдарламаларын өзірлеуде, оны оқыту методикаларын насихаттауда өлшеусіз тарихы бар қарашаңырақ – Абай атындағы қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын республикалық мамандандырылған орта мектеп-интернатының методикалық орталық ретінде дамуына тың серпін болары сөзсіз.

Осыған орай, Парламент Мәжілісінің Әлеуметтік-Мәдени даму Комитетінің депутаттары ретінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру және тәлімгерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы аясында бастамашылықпен «желілік мектептер» ұғымы Заңға енгізілуде.

**АМАНАТ партиясы фракциясы** Абай атындағы гуманитарлық мектептер, О. Жәутіков атындағы IT мектептер, К. Сәтбаев атындағы техникалық мектептер желісінің инфрақұрылымдық, білім беру мазмұны, білім беру бағдарламалары, тәрбие жұмысы, ұстаздардың біліктілігін арттыру, академиялық еркіндік, ауыл оқушылары және әлеуметтік аз қамтылған отбасы балалары үшін арнайы квота және қаржылық мәселелерін шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі аталған желілік мектептерді ашу және дамыту бағдарламасын қабылдауы және оны жүзеге асырудың жоспарын бекітуі қажет деп санайды.

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің депутаттары,  
«АМАНАТ» партиясы  
фракциясының мүшесі**

**Ж. Сүлейменова**

**Қазақстан халық партиясының мүшесі**

**К. Сейтжан**

Орындаған: Г. Сахова  
тел: 74-68-51